

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. М. Қарабай¹, Д. Б. Баумуратова², Х. И. Булбул³**

¹Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

²Астана халықаралық университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³Гази университеті, Түркия, Анкара қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-1509-4422>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4621-1886>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6525-7232>

*e-mail: akerke.99.09.22@mail.ru

ДУАЛЬДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН МОДЕЛЬДІК ҮЛГІЛЕРІ

Мақалада дуальды білім беру жүйесінің не екені, қай елдерде жұмыс істеп жатқаны және Қазақстанда дуальды оқыту қай уақытта басталғаны және қазіргі даму деңгейі, негізгі қағидаттары, атап айтқанда теориялық және практикалық оқытудың интеграциясы, дуальды оқыту барысында цифрлық білім беру жүйенің мүмкіндіктері, жұмыс берушілердің білім беру үдерісіне, оқу бағдарламаларын жасау барысына қатысуы және дуальды оқытудың түрлері, яғни мансаптық интеграцияланған дуальды оқытуды қолдану барысында E-dual.kz моделі қарастырылып, талданады. Дуальды білім беру жүйесін талдау үшін Prisma әдістеріне негізделген 2015–2024 жылдар аралығын қамтитын жарияланымдарға жүйелі шолу жасалды.

Жүргізілген зерттеулер негізінде шетелдік дуальды білім беру жүйесімен Қазақстандағы дуальды білім беру жүйесін салыстыра отырып, біршама артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтадық. Сондай-ақ дуальды білім беру жүйесін енгізу және жүзеге асыруға байланысты мәселелері қарастырылды, яғни білім беру ұйымдары мен кәсіпорындар арасындағы өзара байланысты орнату қажеттілігі. Зерттеу нәтижелері білім беруді цифрландыру жағдайында дуальды оқытудың мүмкіндіктері бар екенін, сонымен қатар тәжірибе барысында қолдануын одан әрі зерттеу қажеттігін атап көрсетеді.

Кілтті сөздер: дуальды білім беру, цифрлық білім беру, оқу ортасы, білім беру бағдарламалары, E-dual моделі.

Кіріспе

Дуальды оқыту тұжырымдамасы білім алушылардың теориялық және практикалық дайындығының үйлесіміне негізделген, бұл оларға белгілі бір салада қажетті білім мен тәжірибелік дағдыларды алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар өндірістік ортамен байланысты нығайтады. Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекітуде Қазақстанда дуальды оқытуды ұйымдастыру тәртібі көрсетілген, бұл жан-жақты талдау мен ғылыми зерттеулерге түрткі болды. Дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны [1]. Бұл білім алушыларды теориялық біліммен ғана емес, сонымен қатар кәсіби ортада табысты жұмыс істеу үшін қажетті дағдылармен қамтамасыз етуге арналған. Алайда, қазіргі тез өзгеріп жатқан жаһандану процесінде оқытудың дәстүрлі әдістері әрдайым динамикалық шындықтың талаптарына сәйкес келе бермейді. 2012 жылдан Қазақстан Республикасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ТжКБ) дуальды оқыту жүйесін енгізуін бастады және отандық зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды. Бастапқыда дуальды оқыту жүйесін енгізу бойынша пилоттық жоба шеңберінде ҚР 25 колледжі қатысқан болса, содан кейін олардың саны үздіксіз өсті. Дуальды оқыту шеңберінде кадрлар даярлауға келісімшарт жасалған кәсіпорындар мен компаниялардың саны 5 507-ге жетті. Сонымен қатар, дуальды оқытумен қамтылған мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын білім алушылардың үлесі тек 18,6 %-ын құрады. Дуальды оқытумен қамтудың ең жоғары көрсеткіштері Жамбыл және Павлодар облыстарында тіркеліп, тиісінше 38 % және 28 %-ды құрады [2].

ҚР бойынша дуальды білім беру бағдарламасы аясында ТжКБ ұйымдарында оқытылатын студенттердің саны – 82 964 құрайды (1-сурет). Аталған сурет дуальды білім беру бағдарламаларына қатысатын техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКБ) студенттерінің жалпы үлесін бейнелейді. Көрсетілген мәліметтер елімізде дуальды оқыту жүйесінің белсенді түрде дамып келе жатқанын және өндірістік сектордың білім беру үдерісіне қатысу деңгейінің тұрақты түрде артып отырғанын көрсетеді.

Деректер бойынша, дуальды оқыту бағдарламаларымен қамтылған студенттер санының ұлғаюы оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы әріптестіктің нығайғанын дәлелдейді. Бұл үрдіс кадр даярлауда теория мен практиканың өзара байланысын күшейтіп, түлектердің еңбек

Шығарушының Аты	Білім беру мекемесі	Білім беру (оқыту) бағдарламасы	Шығарушының Есімі	Аттестация Жасақнамасы	Аттестация мерзімі
Панкеев 1	М. Оспан атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	Экономикалық		АҚ/ОҚ/О	25 Маусым 2023
Панкеев 2	Самойлоский атындағы Елісбай университеті	0807103 - Жалпы экономикалық	Панкеев Азамат	ОҚ/ОҚ/О	3 Маусым 2023
Панкеев 3	Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті	0807103 - Азаматтық-экономикалық педагогикалық білім беру	Бердібергін Мұрат	АҚ/ОҚ/О	28 Маусым 2023
Панкеев 4	Аманжол Б. А. атындағы Қарағанды университеті	0807103 - Жалпы экономикалық		ОҚ/ОҚ/О	2 Маусым 2023
Панкеев 5	Экономикалық институт	080710303 Экономикалық	Арыстан Бекбергін	АҚ/ОҚ/О	4 Маусым 2023
Панкеев 6	Қарағанды мемлекеттік университеті	Жалпы экономикалық білім беру	Панкеев Азамат	АҚ/ОҚ/О	3 Маусым 2023

2-сурет – Пилоттық дуальды білім беру бағдарламаларының тізімі [3]

Қазіргі уақытта «Информатика» саласы бойынша 1-кестеде көрсетілгендей дуальды оқытуды енгізудің «Жол картасын» жүзеге асыру шеңберінде 83 ТЖКБ білім алушыларымен шарт жасалған. Кестеде көрсетілген шарттардың бітіру жылдарының (2024–2027 жж.) аралығында жоспарлануы дуальды оқыту процесінің ұзақ мерзімді және тұрақты сипатта екенін көрсетеді.

1-кесте – Дуальды оқыту бойынша жасалған келісім шарттар [4].

Колледж атауы	Мамандығы	Квалификация	Кәсіпорын атауы	Бітіру жылы
«Каспий» педагогика және салалық технологиялар колледжі	0105000 – «Бастауыш білім беру»	0105023 – «Бастауыш білім берудің информатика мұғалімі»	«Жаңаөзен қалалық білім бөлімі» ММ	2024
КазГЮУ гуманитарлық-заң колледжі	01140700 – «Информатика»	4S01140701- «Бастауыш және негізгі білім берудің информатика мұғалімі»	КММ «№36 орта мектеп»	2025
Астана Халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі	01140700 – «Информатика»	4S01140701 – «Бастауыш және негізгі білім берудің информатика мұғалімі»	Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясы	2025

«Каспий» Жоғары педагогика және салалық технологиялар колледжі	01140700 – «Информатика»	4S01140701 «Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі»	«№20 жалпы білім беретін мектеп» КММ	2027
--	--------------------------	--	--------------------------------------	------

Дуальды білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық базасы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде дуальды білім беруді ұйымдастыру бірнеше құжаттарда ұсынылған. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» ҚР Заңында 1-бап, 19-1-тармақта дуальды оқыту – кәсіпорынның (ұйымның), оқу орнының және білім алушының тең жауапкершілігі кезінде білім беру ұйымындағы оқытуды білім алушыларға жұмыс орындарын ұсынып және өтемақы төлемін төлей отырып, кәсіпорындағы (ұйымдағы) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны [5]. Сонымен қатар, бұл ереже ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Еңбек кодексінде бекітілген, 9-тарау, 119-бап, онда дуальды оқыту білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін дуальды оқыту туралы үлгілік шарттың нысаны негізінде жасалатын дуальды оқыту туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады деп белгіленген [6].

Сонымен қатар, әр елдің дуальды оқыту бойынша келісімшарттар жасаудың әр түрлі тәжірибелері бар. Кейбір елдерде келісім шартты білім алушы мен оқу орындары арасында, білім алушы мен кәсіпорын арасында немесе үшжақты келісімшарт жасалады. Қазақстанда дуальды оқыту шарты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көрсетілген. Өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезеңінде білім алушыға еңбек тәртібі қағидалары, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптар қолданылады. Сонымен қатар, өндірістік оқыту және кәсіптік практика кезінде білім алушыға еңбек өтілі есептеледі, өтемақы төлемдері орындалуы мүмкін. Осылайша, білім алушы іс жүзінде қызметкерге теңестіріледі. Сондай-ақ дуальды оқыту туралы шарт негізінде білім алушыға тәлімгер бекітіледі.

Дуальды білім беру әлемдік білім беру кеңестігінде кәсіптік білім беру теориясы мен практикасын интеграциялауға қол жеткізудің тиімді тетіктерінің бірі ретінде танылды. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – маман даярлауда жұмыс берушілер, жоғары оқу орындары мен мемлекет арасындағы байланысқа негізделуі. Дуальды оқыту моделі еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Болашақ мамандардың тәжірибелік қабілеттерін дамытып, кәсіби даярлық сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты жаңа

буын мамандарын даярлауда дуальды білім бері жүйесінің артықшылықтары мен модельдік үлгілерін талдау. Дуальды білім беру жүйесін практикада қолдануды зерттеу барысында келесі зерттеу сұрақтары тұжырымдалды:

QR 1: Дуальды білім артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау

QR 2: Дуальды білім беру жүйесінің шетелдік тәжірибелері және дуальды білім беру моделдері

Материалдар мен әдістер

Бұл бөлімде зерттеуге негіз болған дереккөздер мен жарияланымдарды іріктеу критерийлері көрсетілді. Жүйелі шолу PRISMA әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Диаграммада бастапқы іздеу нәтижелерінен бастап соңғы талдауға енгізілген мақалалар санына дейінгі сүзгіден өткізу және алып тастау сатылары бейнеленген. Осы талаптарға сәйкес, талдау үшін Scopus және Google Scholar дерекқорындағы мақалалар ғана қарастырылды [7]. Әдебиеттерді іздеу кезеңі 2015-2024 жылдар аралығын қамтыды. Бұл уақыт шеңбері негізгі ғылыми тенденциялар мен зерттеу саласындағы соңғы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді (3-сурет). PRISMA диаграммасы жүйелі шолудың құрылымдық айқындығын қамтамасыз етіп, деректерді жинау мен талдау үдерісінің ғылыми негізделгендігін көрсетеді.



3-сурет – PRISMA диаграммасы

Деректерді талдау нәтижесінде қорытынды іріктемеде N=20 мақала болды. Зерттеу шолу процедурасының анықтығы мен қайталануын қамтамасыз ету үшін Prisma әдістемесін қолданды. Барлық тандалған N=5 мақалалар 2-кестеде келтірілген. Кестеде 2015–2022 жылдар аралығында Қазақстанда дуальды білім беру тақырыбында зерттеу жүргізген ғалымдар мен олардың жұмыстарының нәтижелері салыстырмалы түрде көрсетілген.

2-кесте – Қазақстанда дуальды білім беру жүйесін зерттеген ғалымдар.

Авторлар, жыл	Дуальды білім беру жүйесі -	Артықшылықтары	Кемшіліктері
Гилева, Н.В., 2015 [8]	оқу орындарындағы білім беру үдерісінің өндірістік практика аралықтарымен үйлесуін қамтитын жүйе.	- білім алушы практикалық тәжірибе жинақтауы; - оқу орнында алған теориялық білімдерін нығайта алуы; - оқуын аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасуы;	- тәлімгерлердің тапшылығы;
Алшынбаева Ж. Е., Тарантей В. П. 2017 [9]	білім алушылардың кәсіби дайындығының сапасын жақсартуға ықпал ететін екі орта, жеке кәсіпорын және мемлекеттік кәсіптік мектептен тұрады.	- техникалық және кәсіптік білім беруді (ТЖКБ) интеграциялауы;	- кәсіптік білім беру жүйесінде педагогтарды дуальды оқытуға дайындау;
Мамедов Р.А., Жолдасбекова С.А., Нуржанбаева Ж.О., Куандыков О.Б., 2018 [10]	өндіріспен біріктірілген теорияны оқыту технологиясы.	- кәсіпорындар мен оқу орындарының өзара қарым-қатынас жасауы;	- дуальды оқытуды тереңірек зерттеуді қажет етуі;
Ашыралиева Б.С., 2019 [11]	оқу орнындағы теориялық кезеңдерді практикалық жұмыс кезеңдерімен біріктіру.	- кәсіпорын практикасынан өткенін растайтын куәлік немесе сертификат алуы;	- дуальды оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздерінің жеткіліксіздігі;
Абаева Г.А., Акпаева А.Б., Сапарғалиева Б.А., 2022 [12]	университеттегі теориялық оқытудың мектептегі практикалық жұмыс кезеңдерімен үйлесуі.	- KAZDUAL-моделі құрылуы;	- кәсіпорындардың қызығушылығының төмендігі;

Нәтижелер және талқылау

Технология өмірдің әртүрлі салаларында шешуші рөл атқаратын қазіргі қоғамда білім беру барған сайын бейімделгіш және жаңашыл болып келеді.

Жаңа буынның білікті мамандарын тиімді даярлау үшін теориялық білімді игеру ғана емес, сонымен қатар қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін практикалық тәжірибе алу қажет.

Еуропалық және халықаралық әдебиеттерде дуальды білім беру жүйесі оқу орындарының қосарлануына негізделген деп түсіндіріледі. ЮНЕСКО-ның пікірінше, дуальды білім беру жүйесі «дуальды» деп аталады, өйткені оның шеңберінде мекемеде тағылымдамадан өту үдерісі, сондай-ақ кәсіптік мектепте кәсіптік оқыту бір курскә біріктіріледі [13]. Өз кезегінде, Еуропалық кәсіптік білім беруді дамыту орталығы (Cedefop) мәліметтері бойынша, «дуальды білім беру жүйесі» терминін «балама оқыту», «тағылымдама» немесе «жұмыс орнында оқыту» терминдерімен алмастыруға болады [14].

Дуальды оқыту жүйесі Германия, Австрия, Швейцария елдерінде жақсы дамыған. Бұл елдер дуальды білім беру жүйесінің негізін қалаушылар болып табылады және мықты жүйеге сүйенеді. Германия мен Швейцарияда мемлекет дуальды оқытудың институционалдық және құқықтық негізін ұсыну арқылы ықпал етті. Екі елдің жүйелерін салыстырмалы түрде өзгеріске төзімді деп сипаттауға болады, өйткені оларда дуальды тәсілдің функционалдығы туралы кең әлеуметтік және саяси консенсус бар.

Зерттеулер барысында, дуальды білім беру жүйесінің 3 түрі анықталған: 1) дуальды оқытудың интеграцияланған бағдарламасы; 2) практикаға интеграцияланған дуальды оқыту бағдарламасы; 3) мансаптық интеграцияланған дуальды оқыту бағдарламасы [15].

Дуальды оқытудың интеграцияланған бағдарлама моделі университеттегі немесе ТЖКБ-да академиялық оқуды танылған кәсіптік дайындықпен біріктіреді, яғни теориялық білім мен практикалық дағдыларда берік негіз қалайды.


Практикаға интеграцияланған дуальды оқыту бағдарлама моделі академиялық оқудың және практикалық жұмыс тәжірибесінің ауыспалы кезеңдерін қамтиды. Білім алушылар теориялық білімнің берік негізін алады және оны нақты өмірдегі қиындықтарға қолданады.

Мансаптық интеграцияланған дуальды оқыту бағдарлама моделі практикалық тәжірибе мен мансаптық өсуге баса назар аударады. Білім алушылар уақытының көп бөлігін жұмыс орындарында, яғни жұмыс істеуге, практикалық тәжірибе жинауға және кәсіби желілерді құруға жұмсайды.

Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарын және отандық зерттеушілерді зерттей келе 4-суретте көрсетілгендей дуальды оқытуды дамытудың өзіндік дуальды оқыту жүйесін ұйымдастырудың моделін ұсынылады [4]. Ұсынылған модель Қазақстан жағдайында дуальды оқытуды енгізудің кезеңдік жүйесін сипаттайды. Модельде оқу орындары мен


кәсіпорындардың өзара байланысын нығайту, оқу бағдарламаларын икемді ету және цифрлық құралдарды енгізу секілді негізгі қадамдар ұсынылған. Мұндай модель дуальды білім берудің тиімділігін арттыруға бағытталған жүйелі тәсіл болып табылады.

Сонымен қатар, дуальды білім беру жүйесінде цифрлық ортаны тиімді қолдану, бізге білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыруға, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған орай, дуальды білім беру жүйесінде электрондық ортаны пайдалану білім берудің сапасы мен тиімділігін арттырудың маңызды бағыттарының бірі. Цифрлық платформалар мен ресурстар білім алушыларға оқу материалдарын кез келген уақытта қолданғанға және кез келген жерден қол жеткізуге мүмкіндік береді. Электрондық оқулықтар, бейне дәрістер, интерактивті тапсырмалар теориялық білімді меңгеруді жеңілдетеді және қызықты етеді.



4-сурет – Дуальды оқытуды дамытудың қадамдық моделі

Осылайша біз цифрлық білім беру ортасын пайдалана отырып, біз E-dual.kz моделін жасау барысында 5-суретте көрсетілгендей, дуальды білім беру жүйесінің үшінші түрі - мансаптық интеграцияланған дуальды оқытуға бағыттайды. Бұл модель білім алушыларға оқу материалдарын онлайн форматта меңгеруге және кәсіпорындармен нақты тәжірибелік жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Модель дуальды білім беруді цифрландырудың заманауи үлгісі ретінде қарастырылады.



5-сурет – Дуальды оқыту моделі (E-dual.kz)

Дуальды білім беру жүйесінде цифрлық ортаны қолданудың мүмкіндіктері жайлы Испаниялық ғалымдардың зерттеулеріне тоқталсақ:

Sánchez-Prieto J. et al. [16] зерттеулеріне сәйкес, соңғы жылдары дуальды білім беру жүйесінде оқитын студенттер саны артқан. Осыған байланысты білім алушылармен жұмыс істеуде цифрлық білім беру ортасын қолдану қажеттілігі мен мүмкіндігі айқындалған.

Rius J. B., Antonell M. A. [17] зерттеуінде дуальды оқыту білім алушыларды жан-жақты бақылауға және түрлі көзқарастар тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жеке білім алушылармен жұмыс істеу және олардың білім деңгейін анықтау барысында цифрлық білім беру ортасының тиімділігі атап өтілген.

Дуальды оқыту жүйесі кәсіптік білім берудің тиімді және кең таралған моделі ретінде Германия, Австрия, Швейцария сияқты Еуропа елдерінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген. Дуальды оқыту жастардың жұмысқа орналасуының жоғары деңгейін, өнеркәсіптің білікті кадрлармен қамтамасыз ететін тиімді жүйе ретінде танылды.

Германия мемлекетінде дуальды білім беру жүйесінде білім алушы қай күндері оқитынын және қай кәсіпорында тәжірибе өтетіні бойынша арнайы кесте ұсынады. Duales Studium-да оқу бакалавриат 7-ден 9 семестрге дейін (яғни 3,5 – 4,5 жылға дейін) және магистратурада 3-тен 6 семестрге дейін (1,5-тен 3 жылға дейін) жалғасады [18].

Австрия мектебінде оқыту алты жылдан басталып, тоғыз жылға созылады. Төменгі орта деңгейдегі мектептердің екі деңгейі қарастырылады, төменгі орта мектептер және төменгі циклдегі орта мектептер. Австриядағы әрбір жас тобының шамамен 40 % (120 000) дуальды ресми түрде танылған тағылымдамадан өтеді, тағы 40 % ветеринарлық мектепті немесе колледжді таңдайды, ал 20% орта мектепте оқуды жалғастырады [18, 53].

Швейцарияда оқу төрт жасында балабақшадан басталады, ал білім алушылар міндетті білім беру бағдарламасын аяқтағанға дейін 15 жасқа толады. Швейцарияда орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасына түсу міндетті емес, дегенмен, егер шәкірттік келісім-шартқа қол қойылса, білім алушы кәсіптік-техникалық училищеге баруы керек [18, 55].

Төменде көрсетілген 6-суретте Германия, Австрия, Швейцарияның дуальды білім беру жүйесінің моделін көре аламыз. Бұл елдердің тәжірибесі дуальды оқытудың табысты үлгісі ретінде танылып, Қазақстан үшін үлгі бола алады.



6-сурет – Дуальды білім беру моделі (Германия, Австрия, Швейцария)

Бұл елдердің тәжірибесі басқа мемлекеттер үшін де дуальды білім беру жүйесін енгізуде немесе дамытуда құнды үлгі болды.

Бұл мемлекеттерде дуальды білім беру жүйесінің ерте дамуына және қазіргі кезге дейін табысты болуына бірнеше факторларды көрсетуге болады:

кәсіпорындардың ерте дамуы білікті жұмыс күшіне деген сұраныстың артуына себеп болды;

Германия, Австрия, Швейцарияда білім беру орындары мен кәсіпорындардың арасындағы тығыз байланыстың арқасында, оқу бағдарламалары кәсіпорындардың нақты қажеттіліктерін ескере отырып жасалады;

– үкімет тарапынан дуальды білім беру жүйесін дамытуға деген және қолдауға бағытталған тұрақты саясат жүргізілуі;

– жоғары оқу орындарына мектеп кезінен дайындық;

– Германия, Австрия, Швейцария басқа елдермен дуальды білім беру тәжірибесімен бөлісуге және халықаралық жобаларға қатысу арқасында жүйені ары қарай дамытуына мүмкіндік береді;

– жоғары білікті мамандармен қамтамасыз етілуі.

Египетте дуальды және техникалық білім беру техникалық құзыреттіліктер мен практикалық дағдыларды меңгеруге бағытталған. Осыған байланысты білім алушылардың оқу тәжірибесінің 60%-ы жеке сектор компанияларында, ал 40%-ы мектептерде өтеді [19] (7-сурет). Мұндай үлестік қатынас білім алушылардың нақты өндірістік ортада кәсіби дағдыларды игеруіне және еңбек нарығына тез бейімделуіне жағдай жасайды.



7-сурет – Дуальды білім беру моделі (Египет)

Ресейде дуальды оқыту тек педагогикалық балама емес, сонымен қатар нарықтық экономикаға бейімделген тиімді білім беру үлгісі. Ол кәсіби педагогиканың дамуына жанама және тікелей ықпал етеді. Дуальды білім беру жүйесі кәсіпорында практикалық білімін алу барысында жұмыс істеумен қатар, жоғары оқу орындарында теориялық білімін алуға мүмкіндік береді [20] (8-сурет). Суретте дуальды оқытудың негізгі қатысушылары

– оқу орны, кәсіпорын және білім алушы – арасындағы байланыс жүйесі көрсетілген.



8-сурет – Дуальды білім беру моделі (Ресей)

Зерттеу нәтижелері бойынша Германия, Австрия және Швейцарияда тұрақты әрі көпжылдық дуальды білім беру жүйелері қалыптасқан, ал Египет, Ресей және Қазақстанда бұл жүйе әлі даму сатысында. Осыған орай, 3-кестеде Еуропа және өзге елдердегі дуальды жүйенің негізгі көрсеткіштері – білім алушылардың үлесі, кәсіпорындардың қатысуы, түлектердің жұмысқа орналасуы және бағдарламалар ұзақтығы бойынша салыстырмалы сандық индикаторлар ұсынылған.

3-кесте – Елдер бойынша дуальды білім беру жүйесінің салыстырмалы сандық индикаторлары [2], [14]

Ел	Дуальды білім алушылардың үлесі (%)	Кәсіпорындардың қатысу үлесі	Түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі (%)	Бағдарлама ұзақтығы	Ерекшеліктер
Германия	50	430 000 кәсіпорын	88–90	3–3,5 жыл	Ең дамыған дуальды жүйеде мемлекет пен кәсіпорынның серіктестігі жоғары

Австрия	40	35 000 кәсіпорын	83	3 жыл	Орта білімнен кейін кәсіптік дайындық кең таралған
Швейцария	65	80 000 кәсіпорын	90	3–4 жыл	Орта мектеп түлектерінің 2/3 дуальды бағдарламада оқиды
Египет	30	5000-нан астам жеке компания	70	2–3 жыл	Оқыту 70% практика және 30% теория принципіне негізделген
Ресей	12–15	5000-нан астам кәсіпорын	60–70	2–4 жыл	Кәсіпорындардың белсенділігі артуда, алайда аймақтық айырмашылықтар сақталуда
Қазақстан	18,6	5507 кәсіпорын	65	2–3 жыл	Даму кезеңінде

3-кестедегі мәліметтерге сәйкес, Еуропа елдері дуальды білім беру жүйесін жоғары деңгейде жүзеге асыруда. Швейцария мен Германияда жастардың 65 % және 50 %-ы дуальды бағдарламаларда оқып, түлектердің 88–90 %-ы жұмыспен қамтылған. Австрияда бұл көрсеткіш 83 %-ға жетеді. Египетте дуальды жүйе жеке сектор арқылы іске асып, оқу уақытының 70 %-ы практикаға, 30 %-ы теорияға бөлінген. Ресей мен Қазақстанда жүйе дамып келе жатқанымен, қатысушылар үлесі төмен (12–15 % және 18,6 %). Бұл кәсіпорындардың төмен белсенділігі мен инфрақұрылымның жеткіліксіздігімен түсіндіріледі.

Қазақстанда дуальды жүйені жетілдіру үшін кәсіпорындармен әріптестікті күшейту, педагогтарды қайта даярлау және E-dual.kz цифрлық моделін енгізу қажет. Алдағы кезеңде зерттеу жұмысы осы E-dual.kz моделін талдау мен тәжірибелік тұрғыдан сынауға бағытталады. Бұл платформа теория мен практиканы біріктіретін инновациялық экожүйе болып, студенттер, оқытушылар және кәсіпорындар арасындағы өзара байланысты күшейтеді. Модельде теориялық білім 40 %, тәжірибелік оқыту 60 % құрайды, оның ішінде тәжірибенің 60 %-ы өндірістік ортада кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дуальды білім беру жүйесі цифрлық экономика үшін қажетті білікті мамандарды даярлауда фундаменталды құрал. Дегенмен, осы тәсілдің артықшылықтарымен қатар, шешуді қажет ететін маңызды мәселелері де анықталды.

Цифрлық интеграция жағдайында дуальды білім беру жүйенің алдында тұрған бірқатар кедергілерге қарамастан, оның дидактикалық және практикалық артықшылықтары айқын. Бұл тәсіл білім алушыларға теориялық біліммен қатар тәжірибе де береді. Нәтижесінде олар заманауи индустрия талаптарына бейімделе алады.

Дуальды білім беруді сәтті орындау үшін білікті педагогикалық кадрлардың дефициті, технологиялық инфрақұрылымның шектеулігі сияқты жүйелі мәселелерді реттеуді қажет етеді. Яғни, барлық мүдделі тараптардың: оқу орындарының, компаниялардың, үкіметтік ұйымдардың және қоғамдық топтардың бірлескен күш-жігері. Көрсетілген мәселелерді анықтай отырып, E-dual.kz моделі қаралды. Бұл оқу орындары, білім алушылар мен кәсіпорындарының байланыстарын нығайту мақсатында, білім алушылардың ақпарат көздеріне кез келген уақытта және кез келген жерде алуын қарастырылады.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығы.

2 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің ахуалы мен дамуы туралы Ұлттық баяндама (2020 жылдың қорытындысы бойынша) // Нұр-Сұлтан : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ, 2021. – 310б.

3 Пилоттық дуальды білім беру бағдарламаларының тізілімі. [Электрондық ресурс]. – https://kazdual.kz/normativno-pravovaya_baza/reestr_pilotnyh_dualnyh_obrazovatelynyh_programm

4 Дуальное обучение. [Электронный ресурс]. – <https://atameken.kz/ru/services/22-dorozhnaya-karta-dual-nogo-obucheniya>

5 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

6 «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

7 **Farrús, M.** Automatic speech recognition in L2 learning: A review based on PRISMA methodology // *Languages*. – 2023. – Т. 8. – №. 4. – С. 242.

8 **Gileva, N. V.** Правовые аспекты применения дуальной системы образования в Республике Казахстан // *Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право*. – 2015. – Т. 69. – №. 1.

9 **Алшынбаева, Ж. Е., Тарантей В. П.** Теоретические основы дуального обучения в системе технического и профессионального образования // Редакционная коллегия: ВП Тарантей, доктор педагогических наук, профессор (гл. ред.) СЯ Кострица, кандидат филологических наук, доцент (зам. гл. ред.). – 2017. – С. 300.

10 **Мамедов, Р. А., Жолдасбекова, С. А., Нуржанбаева, Ж. О., Куандыков, О. Б.** Дуальді оқыту жүйесінде студенттерінің бойында еңбек құндылығын арттырудың негізгі ұстанымдары // *Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Наука и жизнь Казахстана : халықаралық ғылыми-көпшілік журнал*. – 2018. – № 1/2 (55). – Б. 228–232.

11 **Ашыралиева, Б. С.** Дуальное обучение в Республике Казахстан: организационно-правовые аспекты // *Педагогический журнал Башкортостана*. – 2019. – №. 3 (82). – С. 89–94.

12 **Абаева, Г. А., Акпаева, А. Б., Сапаргалиева, Б. А.** Анализ готовности работодателя к дуальному обучению в Казахстане // *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки*. – 2022. – Т. 75. – №. 3. – С. 79–94.

13 **Chatzichristou, S. et al.** Dual Education: A Bridge Over Troubled Waters?. – 2014.

14 European Centre for the Development of Vocational Training. [Electronic resource]. – <https://www.cedefop.europa.eu/en>

15 **Varga, S., Sági, N.** Review of dual higher education in the EU.

16 **Sánchez-Prieto, J. et al.** Incident factors in the sustainable development of digital teaching competence in dual vocational education and training teachers // *European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education*. – 2021. – Т. 11. – №. 3. – С. 758–769.

17 **Rius, J. B., Antonell, M. A.** Herramientas tecnológicas para el seguimiento del alumnado en la FP dual // *Revista prácticum*. – 2019. – Т. 4. – №. 2. – С. 77–94.

18 **Bauer, W., Gessler, M.** Dual vocational education and training Systems in Europe: lessons learned from Austria, Germany and Switzerland // *Vocational Education and Training in Sub-Saharan Africa: Current Situation and Development*. – 2016. – С. 48–66.

19 **Mohamed, R. K.** The Dual Education System in Egypt: the system's challenges and the way forward: дис. – The American University in Cairo (Egypt), 2023.

20 **Listvin, A. A.** Dual training in Russia: from the concept to practice // The Education and science journal. – 2016. – №. 3. – С. 44–56.

References

1 «On the approval of the Rules for the organization of dual training» Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, dated January 21, 2016 № 50. (In English)

2 The National Report on the State and Development of the Education System of the Republic of Kazakhstan (as of 2020) [Text] // Nur-Sultan : The Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, «Information Analytic Centre» JSC, 2021. – 143 pp. (In English)

3 Register of pilot dual educational programmes. [Electronic resource]. - https://kazdual.kz/normativno-pravovaya_baza/reestr_pilotnyh_dualnyih_obrazovatelynyh_programm (In English)

4 Dual education. [Electronic resource]. – <https://atameken.kz/ru/services/22-dorozhnaya-karta-dual-nogo-obucheniya> (In English)

5 «On education» Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 № 319. (In English)

6 «Labour code of the Republic of Kazakhstan» Code of the Republic of Kazakhstan dated 23 November, 2015 № 414-V. (In English)

7 **Farrús, M.** Automatic speech recognition in L2 learning: A review based on PRISMA methodology // Languages. – 2023. – Т. 8. – №. 4. – С. 242.

8 **Gileva, N. V.** Pravovye aspekty primeneniya duálnoi sistemy obrazovaniya v Respublike Kazahstan [Legal aspects of the application of the dual education system in the Republic of Kazakhstan] // Vestnik KazNU. Seria mejdunarodnye otnoşeniya i mejdunarodnoe pravo.– 2015. – Т. 69. – №. 1. (In Russian)

9 **Alşynbaeva, J. E., Tarantei, V. P.** Teoreticheskie osnovy duálnogo obucheniya v sisteme tehniçeskogo i profesionálnogo obrazovaniya [Theoretical foundations of dual education in the system of technical and vocational education] // Redakcionnaja kolegiya: VP Tarantei, doktor pedagogiçeskix nauk, profesor (gl. red.) SĂ Kostrisa, kandidat filologičeskix nauk, dosent (zam. gl. red.). – 2017. – С. 300. (In Russian)

10 **Mamedov, R. A., Joldasbekova, S. A., Nurjanbaeva, J. O., Kuandykov O. B.** Duăldı oqytu jüiesinde studentteriniń boyında eńbek qúndylyğın arttyrudyń negizgi ústanymdary [The main principles of increasing the value of

work among students in the system of dual training] // Qazaqstannyñ ğylymy men ömiri. Nauka i jizn Kazahstana : halyqaralyq ğylymi-köпшілік jurnal. – 2018. – № 1/2 (55). – Б. 228–232. (In Kazakh)

11 **Aşyralieva, B. S.** Duälnoe obuchenie v Respublike Kazahstan: organizasionno-pravovye aspekty [Dual education in the Republic of Kazakhstan: organizational and legal aspects] // Pedagogicheski jurnal Başkortostana. – 2019. – №. 3 (82). – С. 89–94. (In Russian)

12 **Abaeva, G. A., Akpaeva, A. B., Sapargalieva, B. A.** Analiz gotovnosti rabotodatelä k duälnomu obucheniu v Kazahstane [Analysis of the employer's readiness for dual training in Kazakhstan] // Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seria: Pedagogicheskie nauki.. – 2022. – T. 75. – №. 3. – С. 79–94. (In Russian)

13 **Chatzichristou, S. et al.** Dual Education: A Bridge Over Troubled Waters?. – 2014.

14 European Centre for the Development of Vocational Training. [Electronic resource]. – <https://www.cedefop.europa.eu/en>

15 **Varga, S., Sági, N.** Review of dual higher education in the EU.

16 **Sánchez-Prieto, J. et al.** Incident factors in the sustainable development of digital teaching competence in dual vocational education and training teachers // European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education. – 2021. – T. 11. – №. 3. – С. 758–769.

17 **Rius, J. B., Antonell, M. A.** Herramientas tecnológicas para el seguimiento del alumnado en la FP dual // Revista prácticum. – 2019. – T. 4. – №. 2. – С. 77–94.

18 **Bauer, W., Gessler, M.** Dual vocational education and training Systems in Europe: lessons learned from Austria, Germany and Switzerland // Vocational Education and Training in Sub-Saharan Africa: Current Situation and Development. – 2016. – С. 48–66.

19 **Mohamed, R. K.** The Dual Education System in Egypt: the system's challenges and the way forward: дис. – The American University in Cairo (Egypt), 2023.

20 **Listvin, A. A.** Dual training in Russia: from the concept to practice // The Education and science journal. – 2016. – №. 3. – С. 44–56.

18.03.25 ж. баспаға түсті.

05.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. М. Карабай¹, Д. Б. Баумуратова², Х. И. Булбул³

¹Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Республика Казахстан, г. Шымкент;

²Международный университет Астана, г. Астана;

³Университет Гази, Турция, г. Анкара.

Поступило в редакцию 18.03.25.

Поступило с исправлениями 05.01.26.

Принято в печать 15.05.26.

ДУАЛЬНАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ: ПРЕИМУЩЕСТВА И МОДЕЛЬНЫЕ ПРИМЕРЫ

В статье рассматривается дуальная система образования, страны, в которых она функционирует, начало внедрения дуального обучения в Казахстане и его текущее состояние, основные принципы, в частности интеграция теоретического и практического обучения, возможности цифровой системы образования в процессе дуального обучения, участие работодателей в образовательном процессе и разработке образовательных программ, а также модель E-dual.kz при использовании карьерно-интегрированного дуального обучения. Для анализа дуальной системы образования был проведен систематический обзор публикаций за период с 2015 по 2024 годы на основе методов Prisma.

На основе проведенных исследований были определены некоторые преимущества и недостатки дуальной системы образования в Казахстане по сравнению с зарубежными дуальными системами. Также были рассмотрены проблемы, связанные с внедрением и реализацией дуальной системы образования, а именно необходимость налаживания взаимодействия между учебными заведениями и предприятиями. Результаты исследования показывают наличие возможностей дуального обучения в условиях цифровизации образования, а также подчеркивают необходимость дальнейшего изучения его практического применения.

Ключевые слова: дуальное образование, цифровое образование, среда обучения, образовательные программы, E-dual модель.

*A. M. Karabay¹, D. B. Baumuratova², H. I. Bulbul³

¹South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekili Zhanibekov, Republic of Kazakhstan, Shymkent;

²Astana International University, Republic of Kazakhstan, Astana;

³Gazi University, Turkiye, Ankara.

Received 18.03.25.

Received in revised form 05.01.25.

Accepted for publication 15.05.26.

DUAL EDUCATION SYSTEM: ADVANTAGES AND MODEL EXAMPLES

The article examines the dual education system, the countries in which it operates, the initial implementation of dual training in Kazakhstan and its current state, key principles – specifically the integration of theoretical and practical training – the capabilities of the digital education system in the process of dual training, the involvement of employers in the educational process and the development of educational programs, and the E-dual.kz model in the context of applying a type of dual training, namely career-integrated dual training. To analyze the dual education system, a systematic review of publications covering the period from 2015 to 2024, based on Prisma methods, was conducted.

Based on the conducted research, we identified several advantages and disadvantages of the dual education system in Kazakhstan in comparison with foreign dual systems. Issues related to the introduction and implementation of the dual education system were also considered, namely the need to establish interaction between educational institutions and enterprises. The research results indicate the opportunities of dual training in the context of the digitalization of education, and also emphasize the need for further study of its practical application.

Keywords: dual education, digital education, learning environment, educationla programs, E-dual model.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz